

Саран қаласы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 30/04 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 10 тамызда № 3930 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 16 ақпандағы N 08/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімдігінің 16.02.2017 N 08/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Саран қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті бюджет және республикалық бюджеттің нысаналы трансферттерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын, Саран қаласы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Саран қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Блокка жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Саран қаласы әкімінің м. а.

М. Кожухов

Саран қаласы әкімдігінің
2016 жылғы " 28 " шілде
№ 30/04 қаулысына
қосымша

Саран қаласының 2016 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы мемлекеттік білім беру тапсырысы

Балалар бақшасы, бөбекжай		Шағын орталықтар	
республикалық бюджет	жергілікті бюджет	республикалық бюджет	жергілікті бюджет
12083	10459	8778	5490

кестенің жалғасы:

Тәрбиеленушілер саны, адам		Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны, теңге		Ата-ананың айына ақы төлеу мөлшері, теңге	
Балалар бақшасы, бөбекжай	Шағын орталықтар	Балалар бақшасы, бөбекжай	Шағын орталықтар	Балалар бақшасы 3 жасқа дейінгі балалар	Балалар бақшасы 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар
1553	170	22542	14268	8900	10200

кестенің жалғасы:

Ата-ананың айына ақы төлеу мөлшері, теңге	
Шағын орталық	3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар
9000	